

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мәселелері талқыланды

Парламент Сенатында жоғары палатаның спикері Қасымжолар Тоқаевтың төрағалық етуімен «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды заңнамалармен қамтамасыз ету: проблемалар мен оларды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Әлеуметтік-мәдени даму Комитеті ұйымдастырған шараға Сенаттың депутаттары, мемлекеттік ұйымдардың, ұлттық компаниялардың, бизнес-қоғамдастықтардың, сол сияқты халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Талқылауды ашқан Жоғары палатаның басшысы берілген тақырып бойынша пікір алмастыру бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің дамуын қамтамасыз ететін заңды қалыптастыру үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

Осыған байланысты спикер тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыруда мемлекеттік органдар ғана емес, бизнес-құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың көмегі қажет екенін атап көрсетті.

Тоқаевтың айтуы бойынша, отандық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласында мемлекет пен жеке сектордың партнерлығын жан-жақты дамыту үшін мығым платформа қалыптастыруға бағытталған уақтылы шаралар жүзеге асырылуы.



Спикер кәсіпкерлік қызметтің жалпыұлттық міндеттерін орындау мәселелерінде халықты жұмыспен қамтуды шешуде отандық бизнес-қоғамдастықтың маңызды орын алатынын атап айтты. Бұл дегеніңіз – жұмыс орындарының сақталуы, ыңғайлы жұмыс кестесінің қолданылуы, қайта дайындау мен жаңа мамандықтарды игерту.

Негізгі баяндамашы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Г. Абдықалықова әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың негізгі аспектілерін белгілеп берді және жиналғандардың назарын әлеуметтік партнерлік институтын дамытуды заңдылықтармен қамтамасыз етуге аударды.

Талқылау соңында әлеуметтік - мәдени даму Комитетінің төрағасы Ахан Бижанов корпоративті әлеуметтік жауапкершілік

принциптерін практикаға енгізу үшін айтылған пікірлер мен ұсыныстардың маңыздылығын атап өтті.

Отырыс басталмас бұрын Парламент Сенатының төрағасы Қасымжолар Тоқаев, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі Гүлшара Абдықалықова, сол сияқты әлеуметтік-мәдени даму Комитетінің төрағасы Ахан Бижановтар ірі қазақстандық компаниялардың әлеуметтік жобалары көрмесін тамашалағанын айта кету керек.

КПО стөндісінде жоғары мәртебелі қонақтарға білім саласындағы әлеуметтік жобалардың бірі - КПО компаниясының әлеуметтік бағдарламалары шеңберінде салынған Орал қаласындағы №34 орта мектеп көрсетілді. 1300 оқушыға арналған мектепті оралдық «Жайқсельстрой» құрылыс компаниясы 12 ай ішінде толықтай аяқтап, жаңа заманға сай құрал-жабдықтармен және оқу құралдарымен жабдықтап тапсырды. КПО өкілі Исак Секеев осы жоба жөнінде толықтай өңгімелеп берді. Оның айтуы бойынша, компанияның әлеуметтік жобаларының міндетті шарты жобалау мен құрылыстың барлық кезеңдерінде 100 пайыз жергілікті тауар жеткізушілердің тауары мен қызметін пайдалану болып табылады. Сонымен бірге құрылыс кезінде техника қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

КПО бірлескен тауар жеткізушілердің Республикалық Форумын өткізеді



3 сәуір күні Батыс Қазақстан облысының (БҚО) орталығы Орал қаласында «Қарағандық Петролеум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (КМГ) бірлесе отырып «Өркендеу жолындағы әріптестік» девизімен Тауар жеткізушілердің Республикалық форумын өткізді.

БҚО әкімі Бақтықожа Ізғамбетов пен «ҚазМұнайГаз» АҚ бірінші вице-президенті Мақсат Иденов ресми түрде ашқан форумға облыстың көптеген тауар жеткізушілері мен мердігерлері қатысты. Жергілікті кәсіпкерлік өкілдері күні бойы КПО-ның жергілікті деңгейде кәсіпкерлік қызметті ары қарай дамытуды қолдау мақсатында жүзеге асыруға міндеттенетін біршама бастамалар туралы ақпараттар алды. Форумға қатысушылар КПО-ның ағымдағы қызметі туралы жаңарған мәліметтерімен және жобаның даму жоспарымен танысты.

Форум жұмысы кезінде ресми

Жұмыс тобына құрылтайшылық ететін Өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды, оның құрамына БҚО әкімдігінің, «ҚазМұнайГаз» АҚ, жергілікті коммерциялық мекемелер өкілдері мен КПО компаниясы кіреді. Бұл топтың мүшелері жергілікті компаниялардың әлеуеттілігін анықтау және қазақстандық тауар жеткізушілер мен мердігерлердің мүмкіндіктерін арттыру мен дамыту әдістерін қарау мақсатындағы бірлескен жұмысты атқаратын болады.

Мақсат Иденов Форумға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде: «ҚазМұнайГаз» компаниясы КПО сияқты үлкен ұйыммен жұмыстас болу мүмкіндігі туғанына қуанышты. Өйткені, жергілікті кәсіпкерлерге келісім-шарттар жасау мен сату қызметіне қатысуға көбірек мүмкіндіктер беріледі. Жергілікті тауарлар мен қызметті пайдалану Қазақстанның экономикалық дамуында маңызды орын алып қана қоймайды, сол сияқты

Қарашығанақ сияқты ірі масштабты кен орнын игеру шеңберіндегі шығынды төмендетуге ықпал жасайды» - деді.

КПО-ның бас директоры Роджер Фокс өз сөзінде «Біздің Қазақстандағы жергілікті тауар жеткізушілермен және мердігерлермен өзміз қалыптастырған сенімді қарым-қатынасқа сүйене алатын мүмкіндігіміз бар екені рас. КПО компаниясы жергілікті тауар жеткізушілердің жұмысын дамытуды біршама жұмыстар атқарды және осы бағыттағы жұмысты ары қарай жалғастыра бермек. КПО Қазақстандағы өркендеуіне қажетті тауарлар, өнімдерді белгіленген стандарттарға сай, қауіпсіздікті сақтай отырып, уақтылы, тиісінше сапалы және әділ бағасымен жеткізуді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін іскерлік қарым-қатынаста болу қажет».

«Қазақстан Петролеум» Ассоциациясында жаңа тағайындаулар

КПО-ның тауар жеткізушілердің дамуы мен кәсібилігі жөніндегі бөлімнің менеджері Қайрат Қапашев «Қазақстан Петролеум» Ассоциациясы жанындағы жергілікті тауар жеткізушілерді қолдау комитетінің төңірегінде болып тағайындалды.

КПО-ның бас директоры Роджер Фокс ұсынған Қайрат Қапашевтың кандидатурасы жақында өткен «Қазақстан Петролеум» Ассоциациясы мүшелерінің жалпы жиналысында бірауыздан бекітілді.

КПО компаниясы ассоциация жанынан жергілікті тауар жеткізушілерді қолдау жөніндегі комитетті құру бастамасын көтергендердің бірі екенін атап айтымыз керек.

Қайрат Қапашевтың кандидатурасы кездейсоқ таңдалған жоқ. Қайраттың бұл салада тәжірибесі мол және КПО компаниясында 2000 жылдың аяғынан бастап істейді. Қайрат басқаратын тауар жеткізушілердің дамуы мен кәсібилігі жөніндегі бөлім қазақстандық компаниялармен, мемлекеттік мекемелер және Қарашығанақ жобасындағы максималды даму саласының өкілетті органымен белсенді түрде қарым-қатынас жасайды.

КПО-ның тауар жеткізушілердің дамуы мен кәсібилігі жөніндегі бөлімі 2001 жылдың сәуір айында КПО-мен жұмыс жасауда қазақстандық тауар жеткізушілерге қолдау көрсету және олардың ары қарай дамуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған болатын. Бөлімнің жұмысын бастаған уақытынан бастап Қарашығанақ тауар жеткізушілерді дамыту жобасы енгізілген алғашқы кәсіпорындардың бірі.

«Қазақстан Петролеум» Ассоциациясының негізгі міндеттері болып мұнай өндірісінде



геологиялық барлауды дамыту мен өндіруді дамыту; компаниялар арасында коммерциялық емес ақпарат алмасу – ассоциация мүшелері мен ҚР үкіметі арасында Қазақстанның мұнайгаз саласы үшін инвестициялық және өндірістік климатты жақсарту мақсатында; мұнайгаз саласына қатысты заңдардағы өзгерістер мониторингін жүргізу, энергетика өндірісіне қатысты заң жобалары бойынша комментарийлерді ұсыну табылады.

«Қазақстан Петролеум» Ассоциациясы (АКП) көмірсутекті шикізатты барлаумен және өндіріспен, сол сияқты мұнайгаз секторына сервисті қызмет көрсетумен айналысатын 61 қазақстандық және өлемнің 20 елінен шетелдік мұнайгаз компанияларын біріктіреді. АКП отырысына үкімет мүшелері, дипломатикалық корпусының, НПО немесе іскерлік ортаның өкілдері кенді пайдаланушы үшін қызықты болуы мүмкін хабарламаны жасау немесе ақпарат алмасу үшін шақырылады.

Тілін үйренсең - халқының мәдениетін танысың

Биылғы жылдың ақпанында КПО-ның Лондондағы кеңсесі жобасын дамыту жөніндегі Директорат (ДРП) қызметкерлерінің бір тобы өз қызметкерлерін орыс тілін оқып-үйренуге шақырған бастама көтерді. Бұл жерде таңғаларлық ештеңе жоқ. Орыс тілі әлемдегі ең бай тілдердің бірінен саналады және оны оқып-үйренуге ұмтылушылар біздің планетамыздың әр түрлі бөліктерінде көптеп табылады. Орыс тілін оқып-үйренудің негізгі себебі – КПО-ның Лондондағы кеңсесінде орыс тілінде сөйлейтін қызметкерлер жұмыс жасайды және олардың ағылшын тілінде сөйлейтін әріптестері олармен сол тілде сөйлескілері, ең болмағанда әріптестерімен олардың туған тілінде дұрыс амандасқандары келетіні болып шықты. Бұдан басқа тілді үйренуге деген қызығушылықты орыс тілінде жазылған хабарламаны орыс тілінде сөйлейтін қызметкерлерді мазаламай-ақ оқи салғысы немесе онымен сол тілде жеңіл – желгі әңгімелескісі келетіндіктері тудырып отыр. Шындап келгенде тілді үйрену өзге ұлттың мәдениетін түсіну мен сыйлау үшін жасалынған негізгі қадам болып табылады.

Бұл бастаманы сабақ алушылар өздері қаржыландырады, ал сабақ жұмыстан кейін өткізіледі, лондондағы кеңсе осы сабаққа қатысуға тілек білдіргендерге қолдау көрсету мақсатында өздерінен сабақ өтуге орын бөліп беріп отыр.



Бұл бастамашылардың айы оңынан туып, белгілі автор және ұстаз, Лондонның орталығындағы орыс тілі мектебінің басшысы Влада Королева-Макари ДРП қызметкерлерінің бастауыш тобының сабағын жүргізуге келісті. Бастауыш курс сөйлеу тілі мен грамматиканың негізі - алфавитті үйренуге арналған 10 апта ішінде 15 сағатты құрайды. Сөйлеу тілінің келесі деңгейін игеруге тілек білдіруші негізгі курсты бітіргеннен кейін келесі курсты жалғастыра алады.

Орыс тілін оқып-үйрену курсына қатысушылардың бірі орыс тілін үйренуге деген өз ұмтылысын былайша түсіндіреді: «Ең біріншіден мен Қарашығанақ жобасында жұмыс жасайтындықтан орыс тілін үйренуге шешім қабылдадым, өйткені осынау қиын тілді үйренудің бірден-бір жолы осы деп ойладым. Сөйтсем бұл өз әріптестерімді жақыннан танудың да тамаша жолы екен.

Оқу орны мен сабақ уақыты өте ыңғайлы, жұмыс күні ұзақтау болып көрінгенмен қызықты болды. Влада сабақты әрқайсымызға көбірек сөйлеуге мүмкіндік бере отырып, керемет өткізді».

Экскурсия

17 наурыз күні Ақсай қаласындағы №3 орта мектептің оқушылары мен мұғалімдері КПК-ға экскурсия жасады. Оны тұрғындармен жұмыс бөлімі ұйымдастырды және үйлестірді. Экскурсияның мақсаты — «Қолайсыз ортаның металлоконструкцияға әсері» ғылыми баяндамасын дайындау. КПК -да балалар коррозия жөнінде мәлімет алып, химиялық лабораториямен танысты. Онда оларға анализ алу үшін және коррозияға ұшырау, бүліну мониторингі үшін қолданылатын құрал-жабдықтар жөнінде әңгімеленді.



«Новости Карачаганак» газетінің өткен нөмірінде біз «Роберт Бернстің кеші» атты ұлы шотландық ақынның 250 жылдығына арналған КПО компаниясының қайырымдылық акциясы жөнінде айтқанбыз. Бұл акция Ақсайдың чех қалашығы деп аталып кеткен қалашығында КПО ның арнайы шақыруымен келген шотландық музыканттардың қатысуымен өтті.

Чех қалашығындағы өнер көрсетуден кейін шотландық музыканттар Ақсай қаласының №3 орта мектебінің оқушылары алдында да өнерлерін көрсетті. Біз өз музыкамызбен Қазақстанды таң қалдырғалы келдік деді шотландық музыканттар тобының мүшелері №3 орта мектепте өткен концерттен кейін өздерінің осында келу мақсаттары туралы. Шотландықтардың мерекелік ұлттық киімі - қызыл-жасыл торкөзді юбкалар мен гетрилар киген, қой терісінен тігілген сөмкелер асынған бес жігіт біздің қаламызға КПО – ның ұйымдастыруы бойынша арнайы мәдени бағдарламамен келген. Өз отанының музыкасын әлемге таныту үшін жер жүзін аралап жүрген олар өз музыкаларын ерекше деп атайды. Ал осы топтың өнерін өз көздерімен көру ақсайлықтарға үшінші орта мектеп ұстаздары мен оқушыларының ескі танысы, жергілікті оқушылармен тілге, тарихқа, әртүрлі халықтың музыкасына деген ынтымақтастық пен екі жақты қызығушылыққа негізделген жақсы қарым-қатынастағы Ани Макинтайрдың арқасында мүмкін болды.

Музыканттардың Атырау, Ақтау, Алматы қалаларында көрсетіп үлгерген концерттік бағдарламасын ақсайлық оқушылар жоғары бағалады. Олар ұзақ әрі ду қол шалапақтаумен өз қошеметтерін білдірді. Олар бұған лайық өнер көрсетті де – шотландықтар кешті өте көңілді қой қызықты етіп өткізді. Бұл күні оқушылар тек қана ұлттық музыка тыңдап қана қойған жоқ, сахнаға жайғасқан қонақтар әңгімені қыздырды. Олар өз отандары туралы, салт-дәстүрлері жайында әңгімелеп, сұрақтарға жауап берді. Сонымен бірге өздерімен бірге ала келген саз құралдарында тамаша ойнай алатындарын да көрсетті. Гарри Иннес жергілікті балаларға да жақсы таныс аккордеонда ойнаса, Эйвэн Хендерсонның қолында скрипка сызылды. Мартин О Нэйл болса біздің көпшілімізге бала жастан таныс барабанды құйрылжытса, Алек Даллгейтч гитарда ойнады. Ал Кэппом Фэсрдің өнері бағдарламаның сәнін ашты деуге болады. Яғни гвардейіттің мерекелік киіміндегі музыкант өз елінің ежелгі саз құралы – волынкада беріле ойнады. Ағылшын тілі немесе тарихи оқулықтарындағы оның суретін қарау бір басқа да, музыканттың киген киімі мен саз аспабын жақыннан көрудің ерекше әсері болатыны сөзсіз.

Олардың айтуына қарағанда Шотландияда волынканың әуенінде адам мен жануарлардың үні керемет бір үйлесім тапқан және ол өте алыстан естіледі деп санайтын көрінеді. Волынкада

Қазақстанды өз музыкаларымен тербету

ойнайтын ежелгі шотландықтар мәдениеттің басқа да өкілдері сияқты, есте жоқ ескі уақыттан бері оның ұзақ әрі үзіліссіз әсем дауысына таңдай қағумен келеді. Бұл аспапта ойнайтын-дар туралы әртүрлі елдерде сан түрлі ертегі, аңыздар бар және олардың ұлттық музыкалық ойындарындағы волынканың сумаудука, гайта, сарнай (сырнай) деген атаулары болған. Ежелгі Русьта волынканы дуда деп атаған және ол кеңінен тараған.

Бірақ та шотландық волынка бүгінде кеңінен танымал, әрі белгілі және ең дауысы зоры. Сыртқы қабы ешкінің не қойдың терісінен тігілген саз аспабының тоғыз тесігін кезегімен басқанда басынан үрленген ауа ұшына жалғанған үш тұрбадан таңғажайып дыбыс шығарады.

әскерлерді ұрысқа волынкада ойнаушылар бастап кірді, сондықтан да ағылшындықтар үшін волынканың үні соғыстың үніндей болып естілетін болды. 18 ғасырдың соңында шотландық принц Чарльз Стюарт Каллоден маңында ағылшындармен ұрыста жеңіліс тапты. Содан бастап ағылшындар оларға волынкада ойнауға, юбка киюге, тартанды пайдалануға тиым салды, сөйтіп рулық жүйе мен ғасырлардан келе жатқан дәстүрлерді жоя бастады. Бостандық сүйгіш халықтың ұлттық мәдениетінен ешқандай із қалмауы тиіс еді. Бірақ та волынкада жақсы ойнайтын біршама таулықтар британ әскеріне тартылған болатын. Британ әскерінің құрамында шотландық бөлімдердің құрылымы волынканы жоғалтып кетуден



Осынау ерекше музыка аспабын кім, қай жерде, қашан ойлап шығарғаны белгісіз. Ол туралы мәлімет ғасырлар қойнауында қалған. Әйтеуір Британ аралына волынканы римдіктер әкелгені ғана белгілі. Ол малышының да, егіншінің де, солдат пен патшаның да көңілінен шыққан сүйікті саз аспабына айналды. Шотландықтардың жанына жақын бұл аспапты олар өздерінің қуанышы мен қайғысынан жаралған деп біледі. Волынканы ертеректе сызылып, таулықтар мен қойшылардың қоңыр тірлігін көз алдына келтірердей жан тербете орындайды екен. Патша сарайларындағы сауық-сайрандар, көпшілік думандары волынкасыз өтпеген. Орта ғасырларда таулықтар бұл аспапты әдет-ғұрып және белгі беру құралы ретінде пайдаланған.

Шотландықтардың тарихы – халықтың бостандық үшін, өз дәстүрін, әдетін, салты мен тұрмысын сақтап қалу мүмкіндігі үшін күрес тарихы. Осы күресте тау халқының мінезі жігерленіп, шынықты. Волынканың үнімен шотландықтар өз тәуелсіздіктері үшін ұрысқа түсті. Бұл аспаптың ашық та жігерлі әуені сарбаздарға күш беріп, жеңіске деген құштарлықтарын оятып, сенімін нығайта түсті. Римдіктер ақыры шотландияны бағындыра алмады. XI ғасырда Шотландия патшалығы құрылды. Ағылшын патшалығы осы бір таулы өлкені басып алғысы келіп ұзақ уақыт әрекет жасады, бірақ шотландықтар, бірбеткей де өжет халық ағылшындарға бірнеше ғасырлар бойы қарсы тұра білді. Шотландық

сақтады. Кейіннен құрылған шотландық полктер шайқастарда әскерге рух беретін волынканы ойнаушыларды арнайы белгілейтін болды. Бүгінгі таңда Шотландияда бұл аспаптың тұтас әскери оркестрі бар, олар барабанның қостауымен әскери, халықтық және би әуендерін орындайды. Шотландықтар ән салып, би билегенді жақсы көреді. Халықтық мерекелерде әлі де өткен ғасырлардағыдай волынканың әуені естіледі.

Дәстүрлер қайта ора-луда – дейді Гарри Иннес – шотландықтардың волынкасы қазір танымалдықтың жаңа дәуіріне көтерілуде. Осынау керемет саз аспабында ойнаушылардың саны бүкіл дүние жүзі бойынша көтеріле түсуде. «Сіздерді Қазақстанның музыкасы мен мәдениеті қызықтырады ма?» «Әрине, біз концерт қойған жерлердің барлығында бұл жөнінде көбірек білуге тырысып отырамыз. Әсіресе бізді саясат пен экономикадан тысқары, барлық адамдар үшін ортақ музыка әлемі қызықтырады. Осымен Қазақстанға төртінші рет келіп тұрмыз, ал Ақсай бізге өте ұнады. Біз келесі жолы келгенде қазақтың қандай да бір әуенін жеңіл ойнап бере алатынымызға сенімдіміз».

Кездесудегі біздің балалардың соңғы сұрағы мынадай болды: «Осындай қатты қыста юбкамен жүруге тоңбайсыздар ма?». Бұл сұраққа көңілді музыканттар: «Достардың арасында арқашанда жылы», - деп жауап берді.